

Байжанкөл бастауыш білім беретін КММ

№ 1 «30» 0820 *24me*

Бекітемін *[Signature]* С.Ермагамбетов
Мектеп меңгерушісі



Тақырыбы:

(вариативтік компонент)

«Сықырлы әріптер»

Сыныбы Мектепалды даярлық

Орындады: *[Signature]* Рахат.А.А

(МАД тәрбиешісі)

Ә/Б отырысында қаралды: *[Signature]* А.Култаева

(Ә/Б жетекшісі)

№ __ хаттама __ күгі 20 __ ж

Тексерілді: *[Signature]* С.ермагамбетов

(мектеп меңгерушісі)

Түсінік хат

Мектепалды даярлық оқушыларының бойында білім,білік дағдылар, тәрбие нормаларының қалыптасуына әр пән белгілі рөл атқарады. Негізгі міндеттердің іске асуына көмектесетін пәннің бірі – әліппе.Негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың қоршаған ортамен қарым – қатынасын, жалпы дүниетанымын қалыптастыру.Әріптерді дұрыс, анықтап, таза жазу, оларды бір-бірімен жалғау сөздерді дұрыс жазу дағдысын жетілдіру. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытып, баланы қиялдауға, сөйлеуге үйрету, сөздік қорын молайту.

Бұл бағдарлама мектепалды даярлық тобына арналған. Мектеп табалдығын жаңа аттаған жас жеткіншектердің тілін дамытып, сөздік қорын молайтып, ауызекі және жазбаша тілдерін дамыту. Оқушылардың ойлау қабілеті мен дүниетанымын кеңейіп, басқалармен қарым-қатынас кезінде өзін еркін ұстауға үйрету.

Бағдарламаның маңыздылығы оқушыларды жинақылыққа, дұрыс сөйлеп, өз ойын анық жеткізуге дағдыландыру. **«Сиқырлы әріптер»** бағдарламасы бойынша оқушыларға әдемі жазуды, әр сызықтың атын білуді, сауатты әрі мәнерлі жазуға машықтандыру, білімінің одан әрі дамуына ықпал жасау. Қай әріпті болса да оқушыларға түсінікті, қызықты әрі тартымды, күнделікті өмірмен байланыстыра өткізу бағдарламаның басты міндеті. Оқушыларды жазуға үйрету нәтижесінде дыбысты әріппен таңбалай білуге,әріпті,сөзді дұрыс,таза жазуға тәрбиелеу.Сабақ өтілген әріп түрлерін осы сабақта қайталай оқыту және баланың сол әріпті қаншалықты меңгергені туралы сабақ соңында қортынды жасап отыру.

«Сиқырлы әріптер» вариативтік сағаты аптасына 1 сағат, жылына 33 сағатқа жоспарланған.

Бағдарламаның мақсаты:

Сиқырлы әріптер сабағында балалар әріп туралы білімдерін кеңейтіп, әріптерден сөз құрастырып үйренеді. Әрбір әріптерді ажырата білуге, ойын арқылы сөз құрата білуге таяқшалардан әріптер құратуға, сөздерді буынға бөлуге үйрету.

Бағдарламаның міндеті:

Балаларды шапшаң қимылдауға, ойларын және есте сақтау қабілеттерін, логикалық ойлау қабілеттерін, тілдерін, танымдық қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдылыққа, ұжыммен жұмыс істеуге, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу

- Оқушының ой-өрісін, сана-сезімін жан-жақты дамыту;
- Оқушының сөздік қорын байытып, дүниетанымын кеңейтіп, танымдық қабілеттерін арттыру;
- Оқушыларды адамгершілікке, мейірімді болуға тәрбиелеу;
- Балалардың ойын арқылы ой-өрісін дамыту, тіл байлығын үйрету;
- Әріптерді дұрыс сала білуге, сөйлем құрауға үйрету;
- Сурет бойынша ойын еркін айтуға, әңгіме құрауға үйрет.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы:

Оқушылардың тақырыпты жетік меңгеріп, практикалық іс – дағдыларының қалыптасуына, ізденімпаздыққа жүйелі түрде жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

Сабақтың жүргізу әдістері:

Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау, мазмұндау, тест, плакатпен жұмыс т.б.

Бағдарлама бойынша күтілетін нәтиже:

- Әріптерді меңгереді.
- Әріптерден сөз, сөйлем құрап дағдыланады.
- Сөздерді буынға бөліп машықтанады.

Мазмұндық бөлім

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Алғашқы түсінік	1
2	Дайындық жаттығулар	1
3	Сурет бойынша әңгімелеу	1
4	Ұзын-қысқа таяқшалар	1
5	Ирек сызықтар салу	1
6	Сызбалар жасауға үйрету	1
7	Сурет салу арқылы әріп элементтерін үйрету	1
8	Әріп элементтер	1
9	Суретпен жұмыс	1
10	Ойын «Орнын тап»	1
11	Сиқырлы суреттер	1
12	Дыбыстарды ажырату	1
13	Сурет сала білейік	1
14	Сурет салу арқылы әріп элементтерін пайдалану	1
15	«Дыбысын анықта» ойыны	1
16	Сызықтарды жалғастыру	1

17	Іі әрпі	1
18	Әә әрпі	1
19	Иі әрпі	1
20	Зз әрпі	1
21	Ө,Ү әрпі	1
22	Г әрпі	1
23	Яя әрпі	1
24	Юю әрпі	1
25	Хх әрпі	1
26	Х,Һ әрпі	1
27	В,Ф әрпі	1
28	Е әрпі	1
29	Щ,Ц әрпі	1
30	Ү әрпі	1
31	Ъ,Ь әрпі	1
32	Қайталау	1
33	Қорытынды	1

Нормативтік бөлім

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Сиқырлы әріптер

Апталық -1 сағат,жылдық-33 сағат МАД

№	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілігі	Пәнаралық байланыс	Қолданылған әдебиеттер	Сағат саны	Уақыты
1	Алғашқы түсінік	«Әріптер еліне саяхат» туралы толық түсінік беру	Балапан дәптері	Сауат ашу және жазу	Сауат ашу және жазу бойынша әдістемелік кешен	1	
2	Дайындық жаттығулар	А-а,Т-т,Н-н әріптерінің жазылу,айтылу емілесін түсіндіру	Балапан дәптері	Жазу дәптері	Қазақ тілінен дидактикалық материалдар	1	
3	Сурет бойынша әңгімелеу	Сурет бойынша тіл байлығын дамыту (күзгі жыл мезгілдері бойынша)	Жыл мезгілдерінің суреттері	Қоршаған ортамен танысу	Мектепалды даярлық журналы	1	
4	Ұзын-қысқа таяқшалар	Сызықтардың дұрыс салуын үйрету	Әліппе дәптері	Сауат ашу және жазу	Сауат ашу және жазу бойынша әдістемелік кешен	1	
5	Ирек сызықтар салу	Ирек сызықтар түрлерін тйрету	Балапан дәптері	Сауат ашу және жазу	Сауат ашу және жазу бойынша әдістемелік кешен	1	
6	Сызбалар жасауға үйрету	Сызбалар жасауға үйрету жолдарын түсіндіру	Балапан дәптері	Сауат ашу және жазу	Тіл дамыту	1	
7	Сурет салу арқылы әріп элементтерін үйрету	Әріп элементтерін сурет бойынша түсіндіру	Әліппе дәптері	Сурет салу	Балдырған журналы	1	
8	Әріп элементтер	Әріптерді дұрыс сала білуге үйрету,дыбыстарды анық айтқыза отырып,сөйлем құруға үйрету	Әліппе дәптері	Сауат ашу және жазу	Сауат ашу және жазу бойынша әдістемелік кешен	1	
9	Суретпен жұмыс	Сурет бойынша ойын еркін айтуға, әңгіме құруға үйрету	Нүктелі пішіндер суреті	Сурет салу	Айгөлек журналы	1	

10	Ойын «Орнын тап»	Ойын арқылы балалардың шапшаңдықтарын, тапқырлыққа тәрбиелеу	Сиқырлы әріптер	Әріптер әлемі	Мөлдір бұлақ журналы	1	
11	Сиқырлы әріптер	Балалардың тіл байлығын арттыру, дыбыстарды дұрыс, анық айтуға ептілікке тәрбиелеу	Әліппе дәптер «Досымның аты кім?»	Әліппе дәптер «Досымның аты кім?»	Балдырған журналы	1	
12	Дыбыстарды ажырату	Дыбыстарды бір-бірімен ажырата білуге үйрету	Балдай тәтті әліппе	Балдай тәтті әліппе	Сауат ашу және жазу бойынша әдістемелік кешен	1	
13	Сурет сала білейік	Сурет салу арқылы қолын жаттықтыру	Пішіндердің суреті	Математика	Айгөлек журналы	1	
14	Сурет салу арқылы әріп элементтерін пайдалану	Дыбыстарды дұрыс айтуын қадағалау	Балапан дәптері	Сауат ашу және жазу	Балдырған журналы	1	
15	«Дыбысын анықта» ойыны	Балалардың ойын дамыту, ой-өрісін дамыту, тіл байлығын арттыру	Әліппе дәптері	Тіл дамыту	Математикалық даярлық журналы	1	
16	Сызықтарды жалғастыру	Жай қалам арқылы үзбей жазу әдісін үйрету	Әліппе дәптері	Сауат ашу және жазу	Сауат ашу және жазу бойынша әднстемелік кешен	1	
17	Іі әрпі	Білімдерін кеңейтіу	Балапан дәптері	Тіл дамыту	Әріптер жинағы	1	
18	Әә әрпі	Сөз құрамын жаттықтыру, әріптерді салыстыру	Балапан дәптері	Сауат ашу және жазу	Қима әріптер	1	
19	Ии әрпі	Таяқшалардан әріп құрауға үйрету	Әліппе дәптері	Сауат ашу және жазу	Таяқшалар, қима әріптер	1	
20	Зз әрпі	Геометриялық фигуралардан сурет құрату	Әліппе дәптері	Сурет салу	Геометриялық фигуралар	1	
21	Ө, Ү әрпі	Ребус шешу арқылы логикалық ойлауын дамыту	Әліппе дәптері	Сауат ашу және жазу	«Жарты әріп» ойыны ребустар	1	
22	Г әрпі	Ойын арқылы сөз құрату Ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу	Әліппе дәптері	Сурет салу	Таяқшалар «Гүл терейік» ойыны	1	

23	Яя әрпі	Я әрпінің екі дыбыс беретін әріп екенін түсіндіру,сөздерді буынға бөлу	Балдырған дәптері	Сауат ашу және жазу	Суреттер Қима әріптер	1	
24	Юю әрпі	Ю әрпінің екі дыбыс беретін әріп екенін түсіндіру,сөздерді буынға бөлдіру	Әліппе дәптері	Сурет салу	Суреттер Қима әріптер	1	
25	Хх әрпі		Әліппе дәптері	Сурет салу	Таяқшалар,қима әріптер	1	
26	Х,һ әрпі	Әріпті қатыстырып сөз құрату.Танымдық қабілеттерін дамыту	Балапан дәптері	Сауат ашу және жазу	Таяқшалар,қима әріптер	1	
27	В,Ф әрпі	Ойын арқылы ойларын, тілдерін дамыту	Әліппе дәптері	Сурет салу	Суреттер Қима әріптер	1	
28	Ее әрпі	Таяқшалардан сөз құрату	Әліппе дәптері	Сауат ашу және жазу	«Жарты әріп» ойыны ребустар	1	
29	Щ,Ц әрпі	Өлең жаттау.Ойларын дамыту	Әліппе дәптер	Сауат ашу және жазу	«Шашылған әріптер» ойыны.Суреттер	1	
30	Үү әрпі	«Суретті аяқта» ойыны Ү әрпін қатыстырып сөз құрату.Сызба арқылы сөйлем құрату.	Әліппе дәптері	Сурет салу	«Суретті аяқта» ойыны Қима әріптер.Сызба	1	
31	Ъ,ь әрпі		Әліппе дәптері	Сауат ашу және жазу	«Сөз ойла,тез ойла» ойыны.Қима әріптер	1	
32	Қайталу		Әліппе дәптері	Сурет салу	Сауат ашу және жазу бойынша әдістемелік кешен	1	
33	Қорытынды					1	

Қолданылған әдебиеттер:

Мұғалімге арналған:

1. Ө.Тұрманжанов «Қазақ мақал-мәтелдері» Алматы «Ана тілі» баспасы 1993 ж
2. М.И. Нүсіпбекова, С.А. Сейілғазина «Әдістемелік құралдар» Астана «Арман-ПВ» баспасы 2009 ж
3. Қ.А. Айманбетова «Мен және бәрі, бәрі, бәрі...» Алматы «Аруна» баспасы 2010 ж.
4. З.Керімбаева «Менің досым» Алматы «Бала баспасы» 2010 ж.
5. З.Керімбаева «Сыйлаймын» Алматы «Бала баспасы» 2010 ж.

Оқушыларға арналған:

1. «Балдырған» журналы
2. «Айгөлек» республикалық балалар журналы
3. «Мөлдір бұлақ» журналы
4. «Сен білесің бе?» тарихи-этнографиялық кітаптар топтамасы. «Аруна» баспасы 2009 ж.
5. С. Кенжеахметұлы. «Жеті қазына» «Принт» баспасы 2006 ж.